



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

қарсы болған. Өйткені, өлім жазасы адамның ар-намысын қорлайтын жазаның қатыгез түрі болып табылады. Ол адамның өмір сүру құқығын аяқ асты етіп, жазаға тартылған адам кінәсіз болған жағдайда, оны қайта түзеуге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан да, әлемдегі көптеген елдер жазаның бұл түрін ұлттық заңнамаларынан алып тастауда. Өлім жазасының балама түрі ретінде бас бостандығынан айыру жазасын енгізген елдердің ішінде Хорватияда – 40 жылға бас бостандығынан айыру белгіленсе, Латвияда – 50 жыл, Швеция мен Болгарияда өмірлік қамауға алынады екен. Ал, Данияда ең жоғарысы – 20 жыл, Эстонияда – 30 жыл, Финляндияда – 10 жыл мен 15 жылдың аралығы көрсетілген [3].

Сонымен, екі жақтың да ой-пікірлері дұрыс, дәлелдері көңілге қонымды, талаптары орынды. Сол себепті, түпкілікті дұрыс шешім қабылдау үшін бұл мәселеге, ең алдымен, саяси тұрғыдан қарау қажет. Ескеретін нәрсе, жылдан-жылға өлім жазасын қолданатын мемлекеттердің саны қысқарып, ол жазаны қолдану үкімі санының азайып келе жатқаны байқалады. Оның үстіне, кейбір мамандардың пікірінше, атуға жазаланған қылмыскер өлетін кезде тек бір-ақ рет қиналса, өмір бойына бас бостандығынан айырылып, ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеп жатқан адам «мың рет» өледі дейді. Өлімді күту, жақындарынан айырылу азабы, жан-дене азабына қарағанда салыстыруға болмайтын азап.

Ауыр қылмыстарды тежейтін тегеурінді тетік ретінде өлім жазасын пайдалануға болатынын айтатындар қылмыскерді 15-20 жылға, одан қалды өмір бойына соттап, сосын, оны біздің салық төлеушілердің, бюджеттің есебінен асыраудың өзіне ойлану керектігін алға тартады. Осы орайда, бас бостандығынан айырылған азаматтардың біреуін жыл бойы түрмеде ұстауға өткен жылы еліміз қазынадан 580 мың теңге жұмсағанын ресми түрде жарияланғанын да айта кеткен дұрыс.

Қорытындылай келе, қалай десек те, ізгілікке қарай аяқ басқан әлем, біздің қоғам болсын, өлім жазасын мемлекет тарапынан белгіленген аса қатігез жаза түрі санайды. Бірақ, қаныпезер сондай айуандықпен адам өлтіріп, жақынынан айырып, керек десеңіз, бір отбасын түгел қырып кетіп жатқанда, оған қалай аяушылық танытуға болады? Мұндай сәтте сол қылмыскерді қарапайым қара халықтың ортасына әкеп, «жазасын беріңдер» десе, сөз жоқ, олар өз қолдарымен-ақ оны төпелеп өлтірген болар еді...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kaz.tengrinews.kz> ақпараттары
2. Ағыбаев А.Н. «ҚР Қылмыстық Кодексіне түсіндірме» Жалпы және Ерекше бөліктер, Алматы, «Жеті Жарғы», 2015ж., 172-175б.
3. Құлпатшаева А., «Өлім жазасын қалдыру керек пе, әлде бас тартатын кез жетті ме?»// «Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журналы, 2013

ӘОЖ 343.321

МЕМЛЕКЕТКЕ ОПАСЫЗДЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТЫҢШЫЛЫҚ

Махсотова Жанбота Рүстемқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2 курс студенті, Астана
makhsotova2017@Mail.ru

Ғылыми жетекшісі – Э.А. Ашимова

Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі қауіпсіздігіне қауіп төндіретін «Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар», әсіресе, оның ішінде «мемлекеттік опасыздық» қазіргі кездегі әлеуметтік-құқықтық ортаға аса ауыр зиян келтіреді.

Осы қылмыстың басты қауіптілігі мемлекеттің әлемдік аренадағы және өз ішіндегі саяси жағдайын әлсіретуі болып келеді. Мемлекеттік опасыздықты жасаған адам өзінің іс-әрекетімен елдің тыныштығына, экономикалық дамуына, халықаралық беделіне, әлеуметтік дамуына балта шабады десек қателеспейміз.

Конституциялық құрылыстың ұғымы Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бөліміндегі Жалпы ережелерде баянды етілген. Конституцияның осы бөлімінде конституциялық құрылыстың басты принциптері, экономикалық қатынастар, қоғамның саяси жүйелері нақтыланған. Осы бөлімде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы (1-баптың 1-тармағы), Республика қызметінің түбегейлі принциптері (1-баптың 2-тармағы), Республика егемендігінің түсінігі (2-баптың 1-тармағы), мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігі (3-баптың 1-тармағы), биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі (3-баптың 4-тармағы), идеологиялық және саяси әр алуандылықтың танылуы (5-баптың 1-тармағы), меншіктің әр түрі және оның бірдей қорғалатыны (6-баптың 1-тармағы) т.б. мәселелер нақты айқындалған [1, 383 б.].

Конституцияда көрсетілген осындай және басқа ережелердің мазмұны конституциялық құрылыстың мәнін білдіреді.

Республиканың егемендігі дегеніміз — ел ішіндегі мемлекеттік өкімет билігінің үстемдігі және оның сыртқы саяси жағдайларға тәуелсіздігі болып табылады. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды [2, 46.].

Осы қылмыстың құрамына қысқаша тоқтала кетсек: мемлекеттік опасыздықтың тікелей объектісі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігі болып табылады. Мемлекеттің қауіпсіздігіне оның ең маңызды мүдделері — конституциялық құрылысы, егемендігі, аумақтық тұтастығы, сыртқы және ішкі қауіпсіздігі жатады. Мемлекеттік опасыздықты жасаған адам басқа бір нақты мемлекеттің пайдасына іс-әрекеттер істейді.

Мемлекеттік опасыздық субъективтік жағынан тек қана тікелей қасақаналық арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық ниет әр түрлі көрініс алады, бірақта ол қылмысты саралауға әсер етпейді.

Қылмыстың субъектісі болып 16-ға толған Қазақстан Республикасының азаматы ғана танылады.

Бейбіт кездегі мұндай іс-әрекеттер Қылмыстық кодекстің 330-бабында көрсетілген — Қазақстан Республикасының күзетілетін мемлекеттік шекарасынан әдейі заңсыз өтуі қылмыс құрамын құрайды.

Мемлекетке опасыздықтың бұл түрі — Қазақстан Республикасы азаматының шпиондық жасауы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 166-бабында шпиондықтың түсінігі берілген. Бұл түсінік Қылмыстық кодекстің 165-бабындағы шпиондық деген ұғыммен объектісі, объективтік жағы және субъективтік жағы бойынша ұқсас. Осы екі бапта көрсетілген ұғымның айырмашылығы тек қылмыстың субъектисінде ғана. Қылмыстық кодекстің 165-бабындағы шпиондық субъектісі — Қазақстан Республикасының азаматы, ал 166-баптағы субъекті шетелдіктер, азаматтығы жоқтар немесе басқа мемлекеттің азаматтары болуы мүмкін. Шпиондықтың түсінігіне Қылмыстық кодекстің 166-бабына талдау жасағанда толық тоқталамыз.

Шет мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе солардың өкіліне мемлекеттік құпияларды беру дегеніміз — Қазақстан Республикасы азаматының мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді шет мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе солардың өкілдеріне қасақана түрде хабарлауы болып табылады. [4, 16.].

Мемлекеттік опасыздықтың қоғам мен мемлекет өміріне тигізетін зардабы әрқашанда зор болатын. Кеңес заманында осы қылмыс түрін отанға сатқындық деп қарастырған. Ал отанға сатқындық дегеніміз ең қауіпті қылмыс түрі болып есептеледі. Отанға сатқындықтың яғни мемлекетке опасыздықтың зардаптары орасан зор. Мысалға алатын болсақ мемлекеттік сатқындық елдің саяси және экономикалық негізін қиратуы мүмкін.

Мысалы осы бір жуырда болған оқиғаны қарастырайық: «Қарағандылық екі азамат отанына опасыздық жасағаны үшін жауапқа тартылды. Жер өңдеумен айналысатын

кәсіпорында геолог болып жұмыс істеген олар құпия құжаттарды сатып жіберген. Қызмет бабын асыра пайдаланған опасыздар мемлекеттік құпия саналатын қағаздарды Қытай азаматына саудалапты. Осы қылмыстары үшін геологтар 10 және 11 жылға бас бостандықтарынан айырылды. Олардың ісі сотта жабық жағдайда қаралған. Сондықтан болар әзірге құқыққорғаушылар қандайда бір ресми мәлімет беруден бас тартып отыр»[5].

Міне осындай жалған құжаттар жасау, оны сату сияқты әрекеттердің арқасында мемлекетке опасыздық жасау орын алып отыр. Бұл екі Қарағандылық азамат осынау әрекеттерімен, яғни, геолог болып жұмыс істеп қылмыс жасап отыр.

Осындай сатқындықтардың салдарынан туындайтын қылмыстың осынау бір түрі қазіргі кезде қолға аларлық шаралардың бірі ретінде қаралуы тиіс. Көбінесе қарулы жан-жал кезінде орын алатын сатқындық, яғни, құпияларды жауға беріп қою сияқты іс-әрекеттер азаматтың өмірін, отанға деген адалдығына қарамастан жасалады. Қыспаққа түсіп қалған ел қорғаушы не кез келген азамат өмірін сақтап қалуы үшін бәрін жария етуге даяр тұрады. Осындай осалдықтың әкелер залалы мемлекетке не кез келген тұлғаға ауыр тиеді.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін жас мемлекетіміздің алдында көптеген саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелермен қатар, дербестігіміздің кепілдігі – ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету мәселесі тұрды. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын және өзіне берілген өкілеттіктер шегінде жеке адам мен қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылымын, мемлекеттің егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік органдар жөніндегі «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңы қабылданған болатын.

Жаман ниеттерін іске асырмақ болған қаскүнемдердің жолын кескен кездеріміз аз болған жоқ десем, асыра айтқандық болмас. Солардың бірнешеуін мысалға келтіре кетейін. Республикамызда үлкен қылмыстық іс қозғалған Т.Төлешовтің ісін алуға болады. Бұған дейін ҰҚК мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің алдын алғанын мәлімдеген болатын. Комитеттің дерегі бойынша, Шымкент сыра зауытының бұрынғы директоры Токтар Төлешов билікті күшпен басып алуға көп уақыттан бері дайындық жүргізген. Ол аймақтарда шиеленістер тудыру, наразылық акциялары мен жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыру арқылы елде бүлік салуды көздеген.

Кейін ҚР ҰҚК өкілі Т.Төлешовтың бірқатар сыбайластарының ұсталғаны туралы мәлім етті. Олардың арасында құқыққорғау органдарының, сондай-ақ ҚР ҚК жекелеген бөлімше қолбасшылығының бұрынғы және қазіргі жоғары лауазымды тұлғалары бар.

Қазақстандық Т.Төлешов деген азаматтың пайда табу үшін, мемлекетіміздің сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру және әлсірету мақсатында, еліміздің қарулы күштерінің іс-шаралары жөніндегі құпия құжаттарды жинаумен айналысқаны анықталып, бір шет мемлекеттің арнайы қызметінің органдарымен ынтымақтасып, тыңшылық жасау әрекеті кезінде ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің қолына түсті.

Тағы да бір мысалға назар аударайық «шетелдік Ч. деген азамат Қазақстан Республикасының аумағында 1 жыл бойы кәсіпкерлік қызметті бүркеніп, мемлекетіміздің сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне зиян келтіретін мәліметтерді жинап, заңға қарсы барлау қызметімен айналысқан. Мемлекеттік құпия саналатын мәліметтерді жинауды, сақтауды және беруді жеңілдету үшін ол бұрынғы танысы Т. деген қазақстандық азаматқа барып, екеуі алдын ала сөз байласып, мемлекеттік құпияларды алып, ол мәліметтерді белгілі бір шет елдің арнайы қызметіне беру әдістері мен шарттарын өзара келіседі. Нәтижесінде екеуін алдын ала белгіленген әскери қызметшіден құпия құжаттарды алып жатқан жерінен ҰҚК қызметкерлері қолға түсірді.

Сонымен қоса Павлодар қаласындағы Мәшһүр-Жүсіп мешітінің аумағында «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының екі мүшесі қазақ және араб тілдерінде діни араздық, алауыздыққа

шақыратын идеялар жазылған үнпарақтарды таратып жүрген жерінде ұсталып, осы факті бойынша қылмыстық іс қозғалған болатын».

Берілген мысалдан көретініміз, жасаған қылымыстары үшін Ч. және Т. деген азаматтар, қылмысты аяқтау кезінде қолға түскен. Қылмыстарды ашу барысында Т. деген азамат мемлекетке опасыздық үшін қылмыс жасап отыр. Себебі, ол құпия құжаттарды басқа шет елдік азаматқа беруі.

Ал енді «Хизб-ут-Тахрир» ұйымының екі мүшесі қазақ және араб тілдерінде діни араздық, алауыздыққа шақыратын идеялар жазылған үнпарақтарды таратып жүргені де мемлекетке кері әсерін тигізеді. Себебі, осындай әрекеттердің салдарынан қоғамға келер зиян да, мемлекетке келер зиян да өте жоғары. Бұлай болуы біз діннен ажыратылған мемлекет болуымыздан емес, азаматтардың осындай заңсыз ұйымның құрамына кіруі, ол өзіне тигізер әсері мол.

Бүгінде еліміздің аумағында кездесіп қалатын осындай ірілі-ұсақты экстремистік ағымдағы діни ұйымдардың іс-әрекеттері қауіпсіздік органдарының қырағы бақылауына алынған. Мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігіне қол сұғуға бағытталған қылмыстарды анықтап, олардың алдын алу және тыю міндеттері де ұлттық қауіпсіздік органдарының құзырында.

Жоғарыда атап өткеніміздей мемлекетке опасыздық дегеніміз — соғыс уақытында немесе қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сондай-ақ шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет.

Мемлекеттік опасыздық субъективтік жағынан тек қана тікелей қасақаналық арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық ниет әр түрлі көрініс алады, бірақта ол қылмысты саралауға әсер етпейді. Сонымен мемлекеттік опасыздықтың субъективтік жағы тек ғана тікелей ниетпен сипатталады.

Опасыздық әрекеттердің себебі мейлінше әрқилы болуы мүмкін: саяси, пайдакүнемдік және басқалар. Олардың мазмұны қылмысты саралау үшін онша қажет емес, бірақ ол жаза тағайындау кезінде ескеріледі.

Халықаралық лаңкестік ұйымының құрамына кірген Шаюсупов пен Сұлтанғазиевтің жасаған әрекеттерін мына мысалдан қарайтын болсақ: «Тараз қаласының тұрғындары Ділмұрат Шаюсупов пен Ринат Сұлтанғазиев үстіміздегі жылы, “Әл-Қаида” халықаралық лаңкестік ұйымының өкілдерімен байланыс жасап, Отанын сатқан деп айыпталған. Олардың үстінен болған сот наурыз айында жұртшылықтан жабық жағдайда өткен еді. Жамбыл облыстық сотының үкімінде айыпталушылар лаңкестік ұйымға қатысы бар Араб әмірліктерінің азаматтары болып табылатын жандардан бейнекамера, автокөлік және 10 мың АҚШ доллары көлемінде ақша алған делінген» [5].

Осындай лаңкестік ұйымға мүше болып кіріп, қылмыс субъектісі болып отыр. Қылмыс жасаушының ішінде орындаушы болып табылатын осы екі тұлға болып танылады. Жалпы орындаушы дегеніміз – қылмысты тікелей жасаған немесе оны жасауға басқа адамдармен (қоса орындаушылармен) бірге тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауапқа тартуға болмайтын басқа адамдарды пайдалану жолымен қылмыс жасаған адам саналады.

Егер тарихқа көз жүгіртер болсақ онда біз сол кезде қолданылған жазалардың өте сұрапыл екенін аңғарамыз. Мысалы қылмыскер жасаған қылмысы үшін бірден өлім жазасын кесілген екен. Немесе кінәлі адамды тік тұрған ашаға байлап, басына түйенің төс бауырынан алынған теріні басына кигізіп, күннің шыжғырған ыстығына қалдырған. Сондай қатал жазалардан жұрт баласы қорқып қымыс істеуге бел бумаған. Керісінше одан аулақ болып жүруге тырысқан [3].

Қазіргі тандағы жазалар, ата заманымыздағыдай емес жеңілірек. Мысалға, бас бостандығынан айыру, өлім жазасынан гөрі бір сыпыра жеңілірек болып табылады. [4].

Сонымен қоса қазіргі заңдармен бұрынғы заңдардың ұқсастығы ол мысалы мүлікті тәркілеу, айыппұл салу сияқты жазалар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде әрбір азамат жасаған қылмысына сай жазалар қарастырылған. Солардың бірі мемлекеттік опасыздық жасаған қылмыскерлерге, өздерінің жасаған әрекеттерінің ауырлығына немесе жеңілдететін мән-жайларға байланысты жазалар тағайындалады.

Соған тоқаталар болсам ол мемлекеттік опасыздық, яғни қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сол сияқты шпиондық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет үшін мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Ал дәл осы әрекеттер ұрыс жағдайында болып, әрекет өзгеше түрде болатын болса, онда ол ауырлататын мән-жайлар ретінде қаралып, сол үшін он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп немесе онсыз өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады [1].

Қорытындылай келе осы мемлекетке опасыздық жасау мәселесін қарастыра келе, азаматтардың білместен кез келеген заңсыз ұйымдарға кіруі, оның мүшесі бола жүре өз мемлекетіне сатқындықты қалай жасағанын аңғармауының себебінен болған қылмыстық әрекеттер жиі кездесетінін байқадым. Солардың құрбаны, яғни, зардап шегушісі жұмыссыз жүрген азаматтар жиі ұшырасатыны да байқалады. Олар үлкен ақшаға қолды боламыз деп өз бастарын өздері бәйгеге тігеді. Осындай жәйттардың әсерінен мемлекетіміздің тыныштығы бұзылады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін мемлекеттің ішкі және де сыртқы қауіпсіздігі берік болуы қажет деп ойлаймын. Қорыта келе, мемлекеттік опасыздықтың республикамыздың егемендігімен сыртқы қауіпсіздігіне келтіретін зиянының нақты қауіптілігін, және осы қылмыс түрімен күресудің басты негіздері ашылып көрсетілді.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде ескі қылмыстық кодекстегі мемлекеттік қылмыстар деген ұғым мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар деген жаңа ұғыммен алмастырылған. Бұл тұрғыдағы қылмыстардың топтық объектісі мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қатынастарды қорғау болып табылады. Қылмыстық кодекстегі жаңартылып, жетілдіріліп берілген бұл қылмыстық құқықтық нормалар Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылдаған Конституциясында көрсетілген, баянды етілген конституциялық құрылысты, қоғамның ішкі, сыртқы қауіпсіздігін, саяси, экономикалық жүйесін қорғау болып табылады.

Тікелей объектісіне байланысты бұл тарауға енген қылмыстар мынадай түрлерге бөлінеді:

Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар: мемлекеттік опасыздық (165-бап); шпиондық (166-бап).

Қазақстан Республикасының саяси жүйесіне қарсы қылмыстар: Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қастандық жасау. (167-бап); өкіметті күшпен басып алу немесе өкіметті күшпен ұстап тұру (168-бап); қарулы бүлік (169-бап).

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе бұзуға шақыру (170-бап).

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне қарсы қылмыстар: диверсия (171-бап); жұмылдыруға шақырудан жалтару (174-бап).

Мемлекет құпияларын сақтауға қол сұғатын қылмыстар: мемлекеттік құпияларды заңсыз алу, жария ету (172-бап); мемлекеттік құпиясы бар құжаттарды жоғалту (173-бап).

Егер, жоғарыда көрсетілген талаптармен міндеттер толық көлемде орындалса, онда осы қылмыс түрін толық көлемде жоюға болады деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөлімдер. – Алматы: Жеті жарғы, 2015. – 808 бет.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 144б. (2016ж. өзгерістер мен толықтырулар).
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Астана: Елорда. – 56б.
4. Қылмыстық құқық: Оқулық/ А.Ғ.Ағыбаева, Г.И.Баймурзина.-Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 493 б.
5. Жолымбаев М.К., Абрашит А.А. Қазақстанның қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Сызбалар бөлімі. Т.1.-Алматы: Дәнекер, 2001.-246 б.

УДК 343.3

ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ СОВЕРШЕНИЯ БАНДИТИЗМА

Мейрманов Асылхан Муратович

aastana666@mail.ru

Магистрант кафедры уголовно-правовых дисциплин Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – А.О. Балгынтаев

Для успешной борьбы с бандитизмом весьма важное как теоретическое, так и особенно практическое значение приобретает выявление причин и условий, способствующих совершению данного опаснейшего преступления.

Известно, что «все явления, события, процессы в природе, обществе и мышлении вызываются или обуславливаются другими явлениями, событиями, процессами, т.е. более или менее определенными причинами»[1,стр.462].

Однако выявление причин зависит от многих факторов, в том числе от наличия причинно-следственной связи. Категория «причина» тесно связана с категорией «условие», составляющей ту среду, обстановку, в которой последние возникают, существуют и развиваются. Именно с этих позиций мы будем анализировать причины и условия бандитизма.

Искоренение преступности предполагает устранение причин и условий, способствующих совершению преступлений. Еще Чезаре Беккария писал: «Лучше предупредить преступление, чем наказывать» [2]. При действенной профилактике могут быть предотвращены многие преступления.

В этой связи в ст.113 УПК Республики Казахстан, определяющей обстоятельства, подлежащие доказыванию по уголовному делу, в числе других названы и обстоятельства, способствовавшие совершению преступления. Выявление этих обстоятельств позволяет принять необходимые меры к их устранению.

В криминологии выделяются причины общей преступности и причины конкретных преступлений. Причины, порождающие преступность как социальное явление, способствуют возникновению причин конкретного преступления, то есть они диалектически взаимосвязаны.

Общие причины преступности. Причины и условия, способствующие совершению бандитизма, безусловно, тесно связаны с общими причинами преступности в целом. По содержанию эти причины можно классифицировать на социально-экономические, социально-психологические (нравственные, моральные), политические, правовые, организационно-управленческие и др. [3, стр.457].